



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**№ 003 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ**

**2003 жылғы 14 ақпан**

**Халықаралық резервтер және ақша базасы туралы**

Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2003 жылғы 14 ақпанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	<b>3753,3</b>	<b>3733,8</b>
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	3153,5	3153,5
Алтын	<b>599,8</b>	<b>580,3</b>
<b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>		
KZT/USD (кезең аяғында)	195,8	195,8
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)		

\* алтын 2000 жылдың аяғындағы бағамен көрсетілген (1 тр.унц. үшін 277,60\$)

\*\* ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2003 жылғы ақпанның бірінші жартысында Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық резервтерінің көбею үрдісі жалғаса түсті.

Таза халықаралық резервтердің ағымдағы бағасы 5,0%-ке (немесе 177,2 млн.долл.) көбейді. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногындағы операциялары және Қаржы министрлігінің Ұлттық Банктегі есепшоттарына валютаның түсуі таза валюта қорларын (ЕАВ) 204,5 млн.долларға толықтыруға ықпал етті. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 4,3%-ке көбеюі нәтижесінде 27,3 млн. долларға ұлғайды.

Тұрақты бағамен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 5,8%-ке, ЕАВ-мен таза активтер – 6,9%-ке өсті, алтынмен активтер өзгерген жоқ..

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша - 1 932,0 млн. долл.) қоса алғанда 5 687,9 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі – 3,2 %.

**2003 жылғы ақпан айының бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі ақша базасының 4,7%-ке (немесе 8,9 млрд. теңгеге) көбеюіне себепші болды.**